



АҚТАУДАҒЫ ЕҢ ӘДЕМІ АУЛА

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы

Yessenov University Қауымдастырылған
профессор, филология ғылымдарының
кандидаты

YESSENOV UNIVERSITY оқу ордасының ауласына ене бергенде-ақ алдыңыздан қарсы алатын университет атауы жазылған әдемі тақтадан кейін эстетикалық талғаммен таңдалған және декоративтік мазмұны келіскен субұрқақ жанға жайлы көңіл-күй сыйлап тұр.

Маңғыстау облысының орталығы ақ шаңқан қала Ақтаудағы биік те еңселі, көркімен көз тартатын зәулім ғимарат – Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті екені өлке тұрғындарының баршасына аян. Әдемі ғимарат өлке тұрғындарының көз алдында күн санап көркейіп, ауласына дейін неше алуан заманауи үлгілермен сәндене өзгеріп келеді.

Университет ғимаратының ішкі сәулеті ғана емес, сыртқы сәнінің де үйлесімді келісімінің бірі – субұрқақтың өзі-ақ Ақтау қаласының мәдени келбетін өркендету, қаланы көріктендіру шараларының бірі ретінде ғимарат төңірегінде қолайлы климат жасауда маңызды қызмет атқарады. Шағын көлемді қаламыздағы санаулы субұрқақтар қатарын толықтырып тұрған сәулет өнерінің кішкене ғана бөлшегіне университет басшылығы жаңа озық технология түрлерін қолданып, айналасын түрлі-түсті жарық шамдарымен безендіру секілді тағы басқа жұмыстар жасалуда.

Ал ауладан бастап егіліп, айналаға ерекше әсемдік сыйлап, сәні мен салтанатын асырып, көздің жауын алатын неше алуан гүлдер галареясы өз алдына ғажап әлем десе де болғандай. Гүл — адамзаттың сезімдері мен эмоцияларын көрсететін ең нәзік әлем. Әдемі гүлдер көңілге сыйланатын әсемдігімен қуантады. Гүлдер – университет ұстаздары, қызметкерлері мен білім алушыларының рухын көтеріп, жүзіндеріне күлкі сыйлап, алдағы жоспарлы сәттерінің іске асуына, асқақ армандарының орындалуына жол салған, алға шақырған әдемі де жайлы әлем.

Әлем таныған неміс ойшылы, философ, ғалым, ұстаз, теориялық және практикалық зердені, таным теориясын, адам санасында орын алып келе жатқан түсініктерді, бәрін де танып білуге болады деген оптимистік көзқарасты талдап, сын елегінен өткізіп, философиялық жүйесін құраған атақты «Таза пердеге



сын» «Практикалық зердеге сын», «Пікір қабілеттеріне сын» атты сыни еңбектер жазып, іргелі жаңалықтар ашқан Иммануил Канттың өзі гүлдің адам көңіліне еркіндік, өміріне құштарлық сезім сыйлайтындығын «Гүлдер — табиғаттағы ең еркін сұлулық» деп бағаласа, ұлы ғалымның осы қанатты сөзінің өмірдегі шынайы көрінісінің көшірмесін біздің білім ордасынан табасыз.

Әсем гүлдердің әдемілік сыйлаумен қатар, өз бойларынан оттегі бөліп, қоршаған ортаның биоаумағын тазартып, көңіл-күйге оң әсерін беретін қасиеттерін мықтап ескерген университет басшылығымен біршама жұмыстар атқарылып жатыр.

алып, өз қолдарымен әсемдете тізген гүл алаңын жасап шықты.

Жаңа өмірдің, көрікті тіршіліктің жаршысы нәзік гүлдер әлемі көктемнің алғашқы күндерінен-ақ, университет ауласында жылылық пен жайлылық төгіп, нұр таратып жатты.

«Әрбір гүл, тіптен ең кішкентай және қарапайым гүлдің өзі – табиғаттың таңғажайып жұмбағы. Гүлдерге сүйсіне қарап, ерекше сезімде боламыз» [<https://massaget.kz/>].

«Гүл – өсімдіктің өлеңі, Өлең – сөздің гүлі.

Гүл – табиғаттың өсімдік атты тамаша туындысының көз тартып, көңіл қуантып, жан жадыратар жайдары жастық шағы. Гүл – жаратылыстың әсем сәні шалқыған, иісі жұпар аңқыған, сымбатты сұлу қыз дәурені. Күзде жеміс беруден үміт ететін күллі жаратылыс атаулы көктемде гүлдей білуі де қажет» деп ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Оразақын Асқар айтқандай, білім ордамыз да көктемнің өзгеріске құштар жаңашыл сәттерін өткізіп алмай, өзінің көз жауын алар алуан түрлі әдемі гүлдерімен ілімге құштар көңілдерге жарқын құшағын ашып тұрды.

Университет ауласына егілген «Анютаның көздері» – өте нәзік, барқыт тәрізді гүл. Оның күлтесінен үш түрлі түсті көруге болады, ол ақ – үміт түсі, сары – таңқалу, көгілдір – қайғы түсі. Ертедегі Грек аңыздары бойынша Зевс құдай Афродита шомылып жатқанда ұрланып қараған адамдарды фиалка гүліне айналдырып жіберген деген аңыз айтылады бұл гүл туралы.

Анютаның көздері – шашылып көбейе беретін, жылына 2-3 рет гүлдейтін көп жылдық, ауа-райы қолайсыздығына шыдамды гүл. Демек, бұл мысал ысырапшылдыққа жол бермей, жергілікті өлке климаты да мықтап ескеріліп, олардың күтім ерекшелігі де мұқият назарда ұсталып отырғандығына дәлел.



Міне, өлкемізге көктем келгелі білім ордасы да сұлу кейіпке еніп, өңін жаңартып, көркем көрік, уыздай тазалықпен жарқырай, жайнай түсуде. Қара жерде қылтия бастаған неше алуан түсті гүлдер білім мекенінің шырайын әрлей түсуде. Оған қоса университет ауласындағы демалуға, күншуақтап отыруға арнайы қойылған сәнді сәкілер мен төбесі көмкеріле көлеңкеленген шағын үйшіктер (беседка), көлік қоятын тұрақтар білім алушылар жағдайын барынша жайлы, әрі алаңсыз ету мақсатын көздегендігі белгілі. Жоғары талғаммен, эстетикалық үйлесіммен орайластыра жасақталған, қоршаулары әдемі боялған, жол жиектері сырланған, жасыл желектері мен гүлдері күтіп-бапталынған аулаға енген әрбір жан әсемдіктен әрлі лаззат алып, қуаттанары сөзсіз.

Жасыл маңлық киінді,
Кебінін тастап тау мен сай
Өлген жер де тірілді,
Күлімсіреп гүл жайнай.
Қызыл гүл арбап бұлбұлды
Қоя ма көзін байламай
Сиқырға басы ілінді
Шыдасын қайтіп сайрамай

деп, ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлы адам өмірін жыл мезгілдерінің әр сәтімен сипаттаған «Иманым» өлеңінде көктем келіп, жер бетіне тіршіліктің жанданып, айналаны серпілте, сергіте түсуін нәп-нәзік гүл-әлемнің жайнаған өлшеммен көрсетеді. Гүлсіз сайрауы мұң бұлбұлдың ән сүйген әуенді күйін, көңілінің алабұртқан шабытты шағын осы бір табиғаттың сұлу бөлшегімен беруі заңды да. Өйткені, гүл – бұлбұл – ән – ажырамас ұғымдар.

Ендеше, гүл – тіршілік, гүл – сұлулық, гүл – жақсылық жаршысы. Ордамыздың гүл жайнап жатуы – білім алып жатқан жас өскелең жүрегіне ертегі әлеміндей әдемілік сыйлап, жанашырлық дарытып, ілім іздеген көкіректеріне сәулелі нұр құйып, ғажап жаналықтарға менмұндалап тұрары сөзсіз.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті ғимаратын көркемдікпен көмкеріп тұрған көрікті гүлдер әсерлі-ақ.

Осы бір әдеміліктің ғажайып әлемін жасаушы керемет жаратылыстың, шебер туындының, тамылжыған табиғаттың тікелей өз құшағында, алуан гүлдің арасында өмір кешкен ата-бабаларымыздың гүлге деген айрықша



құрметі мен сүйіспеншілігін саралаған Оразақын Асқар: «Адам өмірінің қуаныш-сүйініштеріне, тіпті, күйініштеріне де гүлдің араласпайтын кездері жоқ. Сенің туылуың, шілдеханан, әрбір туған күнің, тұсаукесерің, сүндет тойың, мектепке баруың, үйленуің, т.б. бәрі-бәрі гүлге бөленумен болады.

Күнәсіз пенделердің бақида рухы рахатқа кенелер пейіш, жұмақ, жәннат деп аталатын құтты орындар тек алуан түсті, хош иісті гүлмен тұнып тұратындығы діни кітаптардан аян. Ендеше, осы фәни дүниемізді де неге гүлмен безендіріп жұмаққа жуықтатпасқа. Аула, бау-бақшаларыңызға гүл егіңіздер! Бір-біріңізге гүл сыйлаңыздар! Гүлдей жайнап жарастықты өмір сүріңіздер!» деп, табиғаттың тамаша тартуына деген сезімін пафосты сөзімен ғажайып картинаға айналдыра шынайы да шебер жеткізген еді.

Ендеше, әдемілік бізге көптік етпейді!

Білім беру кеңістігі аясында мәдениеті қалыптасып, зиялы тұлға болуға ұмтылған арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік жас өрен!

Гүлге оранған көрікті ғимаратта орналасқан Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетіне білім алуға асығыңыздар!

